

«Айша» бөбекжайы

Бекітемін:


«Айша» бөбекжай меңгерушісі:

Хайрулина С.А.



Тақырыбы:

«Нептун күні»



«Алақай» ересек тәрбиешісі: Жиренова У.С.

2024 жыл

Музыка ойнайды. Балалар көңілді әуенмен алаңға шығады.

Жүргізуші:

Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Жаздың шуакты күндері сендерге қуаныш сыйласын!

Бүгін біз ерекше мерекеге жиналдык.

Бұл қандай мереке екенін білесіңдер ме?

Балалар:

– Нептун күні!

Жүргізуші:

Дұрыс айтасыңдар! Бүгін бізге теңіздер мен мұхиттардың патшасы қонаққа келеді.

(Кенеттен бөтелке келеді. Ішінде хат.)

Жүргізуші хатты оқиды:

– «Сәлем, балалар! Мен – теңіздердің әміршісі Нептунмын. Сендердің ақылды, епті әрі батыл екендеріңді естідім. Егер барлық сынақтан өтсеңдер, мен сендерге сыйлық алып келемін.»

Музыкамен Нептун мен Су перісі келеді.

Нептун:

Сәлеметсіңдер ме, кішкентай достар!

Мен сендерді сынап көрейін.

Дайынсыңдар ма?

Балалар:

– Иә!

Музыкалық сергіту

«Көңілді толқындар» биі.

1-ойын «Суды тасымалда»

Екі топқа бөлінеді.

Балалар стаканмен суды бір ыдыстан екіншісіне тасиды.

Кім көп су жеткізсе, сол жеңімпаз.

2-ойын «Балық аулау»

Жасанды балықтарды қармақпен немесе сүзгімен жинайды.

3-ойын «Толқыннан өт»

Көк матаның астымен немесе арасымен еңбектеп өтеді.

4-ойын «Су эстафетасы»

Допты немесе шелекті белгіленген жерге апарып, қайта алып келеді.

Жұмбақтар

Нептун:

1. Өзі мөлдір, дәмі жоқ,
Пайдалы екен бәріне.
(Су)
2. Қыста қатып қалады,
Көктемде қайта ағады.
(Мұз)
3. Жаңбыр жауса толады,
Жазда шомылуға болады.
(Көл)

«Көпіршік шоуы»

Су перісі сабынды көпіршіктер ұшырады.
Балалар оларды ұстап ойнайды.

Би

«Шаттық биі».

Қорытынды

Нептун:

Жарайсыңдар, балалар!
Сендер өте ұйымшыл, батыл әрі епті екенсіңдер.
Суды әрдайым таза ұстап, оны үнемдеп пайдаланыңдар!

(Балаларға медальдар мен тәттілер таратылады.)

Жүргізуші:

Осымен «Нептун күні» мерекесі аяқталды.
Көңіл күйлерің әрдайым көтеріңкі болсын!
Жазғы демалыстарың қызықты өтсін!

Барлығы бірге:

– Сау болыңыздар!

Анықтама

Өткен күні: 16.07.2024

тақырыбы: «Нептун күні»

Тобы: «Алақай» ересек тобы

Өткізу түрі: Жазғы ойын-сауық мерекесі

Мақсаты:

Балалардың жаз мезгілі туралы түсініктерін кеңейту, судың адам өміріндегі маңызын ұғындыру, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу және көтеріңкі көңіл күй сыйлау.

Міндеттері:

- Су туралы білімдерін бекіту;
- Ептілік, шапшаңдық, батылдық қасиеттерін дамыту;
- Командалық ойын арқылы бірлесіп әрекет етуге үйрету;
- Қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу.

Қажетті құралдар:

Нептунның тәжі мен үштігі, су перісінің киімі, көк маталар, шелектер, стакандар, су құятын ыдыстар, түрлі-түсті шарлар, балықтар, сақиналар, сабынды көпіршіктер, медальдар, тәтті сыйлықтар.

Қатысушылар саны: 17бала